



Акционерлік қоғам

Орындаған: 301 ИС

» **Акционерлік қоғам** – заңды тұлға.

Акционерлік қоғам деп өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлғаны айтады.



» Қазақстан Республикасында 1991 жылғы 21 маусымда “Шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар туралы” Заң қабылданғаннан кейін Акционерлік қоғамдар құрыла бастады. 1998 жылы олардың саны 3 мыңнан асты. Акционерлік қоғамға қатысушылардың әрқайсысы өзі қосқан капиталдың сомасына сәйкес көлемдегі акцияларға ие болады және тиісті мөлшерде табыс — дивиденд немесе белгіленген пайыз алады.



» Акционерлік қоғам өз қатысушыларының мүлкінен оқшауланған мүлкі болады, өз міндеттемесі бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады және өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сонымен қатар өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты зияндарға тәуекел етеді.



Ақционерлік қоғам

- » Заңды тұлға негізіндегі акционерлік қоғам заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды. Бұған қоса, акционерлік қоғамның тағайындалу немесе сайлану тәртібі және олардың өкілеттігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді. Тағы да оның басты белгілеріне, сотта **талапкер және жауапкер** болуын жатқызамыз. Экономикасы дамыған, капиталистік елдерде қабылданған терминология бойынша олар корпорациялар деп те аталады.



Меншіктік формасына сәйкес фирмалардың немесе кәсіпкерліктің үш түрін атап өтуге болады:

Индивидуалдық немесе жеке кәсіпкерлік;

Серіктестік немесе партнерлік;

Корпорация (акционерлік қоғам).



- » **Индивидуалдық кәсіпкерлік** деген бір адам иелік ететін бизнес. Индивидуалдық кәсіпкерліктің иелік етушісі сонымен бірге менеджер қызметін атқарады. Оның мүлігі мен жауапкерлігінде шек болмайды.
- » **Серіктестік** (партнерлік) дегеніміз екі және одан да көп адам иелік ететін бизнестің түрі. Бұл да заңды тұлға емес, сондықтан табыс салығын ғана төлейді және фирманың барлық қарыздарына шексіз жауапкершілік артады.
- » **Корпорация** деп бір заңды болып бірлесіп, кәсіпкерлік қызмет жасау үшін қосылған адамдар жиынтығын атайды. Корпорация меншігіне құқықтар акцияларға сәйкес бөлшектерге бөлінеді. Сондықтан корпорацияның иелері акция ұстаушы, ал корпорацияның өзі – **акционерлік қоғам** деп аталады. Корпорацияның табыстарына корпорация салығы салынады.



» Акционерлік қоғамның дербес **балансы** немесе **сметасы** болуға тиіс және өз атауы жазылған **мөрі** болады.



Акционерлік қоғамның белгілері:

1) Оқшау мүлкінің болуы;

2) Мүлкіне өз міндеттемесі бойынша дербес жауапкершілігі болуы;

3) Өз атынан азаматтық құқықтарға ие болуы;

4) Сотта талапкер және жауапкер ретінде жауап қатысу мүмкіндігі;



» Акционерлік қоғамдар **жабық** және **ашық** қоғам үлгісінде құрылады. Қоғамның фирмалық атауы, сондай-ақ үлгісіне қарай, «ашық акционерлік қоғам» немесе «жабық акционерлік қоғам» деген сөздер немесе тиісінше «ААҚ» және «ЖАҚ» аббревиатурасы болуға тиіс.



**Акционерлік қоғам заңды
тұлға. Оның органдары:**



**Акционерлердің жалпы
жиналысы;**

Директорлар кеңесі;

**Алқалы орган немесе
басқарма;**

Тексеру комиссиясы.



» Қоғамның басқару билігі қолында акциялардың бақылау бумасы бар ірі акционерлерде болады. Акциялардың бақылау бумасы деген қоғамда үстемдік беретін акциялардың саны . Ол меншік иесіне қоғам қабылдайтын шешімдерді айқандауына құқық беретін белгілі бір акциялар бумасының қоғамның шығарылған жарғылық капиталының мөлшеріне проценттік арақатынасы. Іс жүзінде акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп процентін иеленген акционерлер шешуші дауысқа ие.



Назарларыңызға рахмет!

